

Шектеу іс – шараларын алыш тастау және Ұлан ауданының Егінсу ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 09 шілдедегі № 1 "Ұлан ауданы Егінсу ауылдық округіне қарасты Ұлан ауылының Ахметов, Жанғұлов, Қошқарбаев және Ибраев көшелерінің ірі қара малдарына шектеу іс – шараларын белгілеу туралы" шешімнің күші жойылды деп тану туралы

Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданы Егінсу ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 10 желтоқсандағы № 3 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 23 желтоқсанда № 8004 болып тіркелді

### З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтініндегі тұпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабының 8) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 46 бабының 2 тармағының 4) тармақшасына сәйкес және "Қазақстан Республикасы ауылшаруашылығы министрлігі ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Ұлан аудандық аумақтық инспекциясының бас мемлекеттік ветеринариялық – санитариялық инспекторының 2020 жылғы 18 қарашадағы №01-26/544 ұсынысы негізінде, Егінсу ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Ирі қара малдардың бруцеллез ауруының ошақтарын жою жөніндегі ветеринариялық іс – шаралар кешені жүргізілгеніне байланысты Ұлан ауданы Егінсу ауылдық округіне қарасты Ұлан ауылының Ахметов, Жанғұлов, Қошқарбаев және Ибраев көшелерінің ірі қара малдарынан шектеу іс – шаралары алынын.

2. Ұлан ауданы Егінсу ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 09 шілдедегі № 1 "Ұлан ауданы Егінсу ауылдық округіне қарасты Ұлан ауылының Ахметов, Жанғұлов, Қошқарбаев және Ибраев көшелерінің ірі қара малдарына шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7334 нөмірімен тіркелген, 2020 жылғы 17 шілдеде электрондық түрде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Этalonдық бақылау банкінде жарияланған) шешімнің күші жойылды деп танылсын.

3. "Егінсу ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен бекітілген тәртіпте:

- 1) осы шешімнің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы шешім мемлекеттік тіркелген күнінен бастап, күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін Ұлан ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жолданылуын;

3) ресми жариялағаннан кейін осы шешімді Ұлан ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасауды өзіме қалдырамын.

5. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күннен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Округ әкімі*

*B. Аскабылов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК